



ҚАУЛЫ

16 тамыз 2022 ж.г.

Қызылорда қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 607

город Кызылорда

**Білім беру ұйымдарының
кейбір мәселелері туралы**

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының б) тармақшасына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналар:

1) «Қызылорда облысының білім басқармасының Еркін Әуелбеков атындағы дарынды балаларға арналған №4 облыстық мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Қызылорда облысының білім басқармасының «Еркін Әуелбеков атындағы №4 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;


2) «Қызылорда облысының білім басқармасының «№2 облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Қызылорда облысының білім басқармасының «№2 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

2. «Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасы», «Қызылорда облысының білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемелері заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Н.А. Сактағановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қызылорда облысының
әкімі



Н. Нәлібаев